

Бекітемін:

«Әсем» бөбекжай  
балабақша менгерушісі  
\_\_\_\_\_ Ә.Т.Дөнен

ТЭРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру үйимы балабақша	«Әсем» бөбекжай балабақша				
Топ	Ортаңғы топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Еркетай» Бала саны 25				
Балалардың жасы	3-4 жасар балалар				
Педагогтің аты- жөні	Мұсақова Ұлбике				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	17.10-21.10.2022ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сарсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дene қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлыш жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				

<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	"Демалыс күнін балаңызben қалай өткізуге болады?" тақырыбында әңгімелесу.				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларды топ бөлмесінде реттілікті сақтауга үйрету: ойыншықтарды, құрылым материалдарын өздігінен орнына жинау, оларды сындырмау.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларға балалар еңбегін әңгімелеп беру; кезекшілерді өз істеріне дұрыс үйретіп, тостағанды тұтқасынан, нан салуға арналған ыдысты екі қолымен ұстауды т.б. естеріне салып отыру.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балалар белгіленген рет бойынша киініп-шешіну дағдыларын менгеруге бәтеңкесінің бауын байлау, түмелерін салу, киімдерін іліп немесе ұқыптылықпен бүктең қоюға, үлкендердің көмегімен киімін дер кезінде ретке келтіруге, тазалау, кептіру т.б., іскерліктерін дамыту.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Үстел үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны -аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішп жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу іскерліктерін дамыту.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Үйді өздігінен тазалай білуін, табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білуін қалыптастыру.
<b>"Апта күндері" дидактикалық ойны.</b>  <b>"Нан дастарханга қалай келеді?"</b>  Мақсаты: бидайды қалай есіру және	<b>"Лото" үстел үсті ойны (отбасы).</b>  Мақсаты: апта күндерін атап, есте сақтай білуге үйрету.  <b>"Нан дастарханга қалай келеді?"</b>  Мақсаты: бидайды қалай есіру және	<b>"Шәйнектен қандай сүйиқ құйылды?"</b>  Мақсаты: балаларды зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; заттарды топтастыруға	<b>Саусаққа арналған жаттығу: "Сәлем".</b>  Мақсаты: балаларды қимылдарды мәтін жолдарының ыргағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды	<b>"Дойбы" үстел үсті ойны.</b>  Мақсаты: балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; байқампаздықта	<b>"Дойбы" үстел үсті ойны.</b>  Мақсаты: балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; байқампаздықта

	<p>одан нанды қалай жасау жөніндегі балалардың білімдерін толықтырып жүйелеу; диқаншылардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.</p> <p><b>"Балабақша ережесін сактау" тақырыбында әнгімелесу.</b></p> <p>Мақсаты. Балабақшада өзін-өзі дұрыс ұстау ережелері туралы әнгімелесу.</p>	<p>дағдыландыру; байқампаздықта тәрбиелеу. Эр бала отбасы мүшелерінің киімдерінің фотосуреттерін жинайды, бір атаумен біріктіреді.</p> <p><b>"Біздің үйдегі көмекшілер"</b> жаттығуы.</p> <p>Мақсаты:</p> <p>балалардың тұрмыстық техникамен қолдану қағидалары туралы түсініктерін пысықтау; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауга машиқтандыру.</p> <p>Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары жоғарыны нұсқайды) Біз оны қосамыз, (Қолымыз алдыда, жұдырыққа тую, біріне түйістіру)</p>	<p>анықтауға дағдыландыру; түстерді қабылдау, ой-қиял, сейлеу қабілеттерін дамыту.</p> <p>- Балалар, шайды біз сүйікқа жатқызамыз. Шәйнектен тек шай сүйіғы ғана құйылмайды, сол сүйіқтарды қалай біletіндерінді көрейік.</p> <p>Педагог балаларға шәйнектен қандай сүйіқтың құйылғаны туралы сұрайды.</p> <p>Құралдары: бірнеше бір-біріне ұқсас суреттер: бірінен су құйылып жатыр, екіншінен - сүт, үшіншісінен - кофе, төртіншісінен - қара шай, бесіншісінен - лимонад.</p> <p>Жаттығуды шынайы түрде іс-тәжірибеде көрсетуге болады.</p> <p>Сонда құралдар ретінде стакандарға</p>	<p>эмоцияларды дамыту.</p> <p>Сәлемдесем әрдайым (Екі қолдарын айқастырып кеуделеріне қояды) Уйде және бақшада (Екі қолдарын алға жаяды)</p> <p>Tіпті "сәлем" - деймін мен ("Қанаттары" екі қолдарын сәл көтеріп, қайта түсіріп қағып тұрады)</p> <p>Қасымдағы көршіме. (Бір қолдың сыртын екінші қолдың алақанына беттестіре саусақтарды жан-жаққа аша «құн» жасайды)</p> <p><b>"Қарама-қайшылық"</b> жаттығуы.</p> <p>Мақсаты: сөздік қорларын кеңейту, қарама-қарсы мағыналы сөздерді қолдануға үйрету.</p> <p>Ойын құралы: доп.</p>	<p>Ойын мақсаты. Қарсыластың фигуralарын толық жою немесе журу жолын бұғаттай.</p> <p><b>"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ыргақ жаттығуы.</b></p> <p>Мақсаты: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.</p> <p>Жау, жау жаңбыр! Жау жаңбыр!</p> <p>Арық суы мол болсын!</p> <p>Өсімдіктер мол болсын!</p> <p>Жауған жерін шөп болсын!</p> <p>Тырс-тырс! Тырс-тырс! (Бір аяқпен секіру)</p> <p>Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру)</p>
--	--	--	--	---	---

	<p>Көрсетеңі қолғабыс (Шаңсорғышпен тазалаған сыңай танаңту) Кішкентай шаңсорғыш! (Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)</p> <p>Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды) Біз оны қосамыз, (Қолымыз алдыда, жұдырыққа түю, біріне түйістіру) Тоңазытқышты ашыныз, (Екі қолды уқалау) Салқындан тұр асыныз! (Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)</p> <p>Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды) Біз оны қосамыз, (Қолымыз алдыда,</p>	<p>құйылған: шай, кофе, лимонад, сүт, су қолданылады.</p> <p><b>Көркем сөзді мәнерлеп айту (жаттау) жаттығуы.</b> Мақсаты: жылдың төрт мезгілі ретін білуге дағдыландыру; есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. "Төрт досым". Төрт досым жанымнан өткен: Жаз, күз, қыс және көктем. Ұмытпаймын не бүтін, не ертең: "Жаз, күз, қыс және көктем". Д. Ахметова. <b>"Адымдар"</b> дамытушылық ойыны.</p> <p>Мақсаты: балалардың сөздік қорларын кеңейтуге ықпал ету, тілдерін дамыту. Екі топ бір-біріне</p>	<p>Тәрбиеші белегілі бір сөзді айтады: мысалы - "ауыр" деген сөзді айтады да бір балаға допты лақтырады. Допты қағып алған бала, ауыр затты айту қажет. Жауап бергеннен кейін допты, қайтадан тәрбиешіге лақтырады. Ойын осылай жалғаса береді. Мысалы: ауыр - тас, жүк; шыны - ыдыс, әйнек, т.с.с.</p>	<p>Шылп-шылп! Шылп- шылп! (Екі аяқпен секіру)</p>
--	--	---	---	---

	<p>жұдырыққа түю, біріне түйістіру)</p> <p>Шәй ішейік шәйнектен (Қолды алдыға сермеу)</p> <p>Ызылдайтың жәйменен! (Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)</p> <p>Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды)</p> <p>Біз оны қосамыз, (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды)</p> <p>Басып қалсаң тетігін, (Екі қолдың әр саусақтарын бір- біріне тигізу)</p> <p>Қайнап кетер тоқ пешім! (Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)</p> <p>Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды)</p>	<p>қарама-қарсы тұрады. Екі топтың арасынан бөлу сызығы жүргізіледі.</p> <p>Әртүрлі тақырыптарды қолдануға болады.</p> <p>Қажет сөзді атап, бір адым жасау керек. Бөлу сызығына бірінші жеткен топ женіске жетеді.</p>	
--	--	--	--

	<p>Біз оны қосамыз, (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды) Өте пысық үтігім (Алақанның сыртқы жағын бі-біріне үйкелеу) Басар киім тұтігін! (Колды екі жаққа сермеу, иықты көтеру) Аударған А. Кокенова.</p>			
Тәңертеңгі жаттығу	<p><b>(Жалпы дамытушы жаттығулар, қымыл белсенділігі)</b></p> <p>1. Б.қ. аяқ алшақ, дene тік, қол төменде.</p> <p>1.1. Балалар қолдарын алға созып, алақандарын ашып, текшелерін көрсетіп "міне" деген сөзді айтады.</p> <p>1.2. Б.қ. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).</p> <p>2. Б.қ. аяқ алшақ, дene тік, текше ұстаған қол көкірек тұсында.</p> <p>2.1. Оңға бұрылышп, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп "міне", "міне" деген сөзді айтады.</p> <p>2.2. Б.қ. (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).</p> <p>3. Б.қ. аяқ алшақ, дene бос, қол төменде.</p> <p>3.1. Жерге отырып, қолдарын алға созып "міне" деген сөзді айтады.</p> <p>1.2. Б.қ. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).</p> <p>3.2. Б.қ. (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p>4. Б.қ. аяқ бірге, дene бос, текше ұстаған қол көкірек тұсында.</p> <p>4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарды көкірек тұсында ұстап, алақанды жұму.</p> <p>4.2. Б.қ. алақан ашып "міне" деген сөзді айтады (жаттығу 3 рет қайталанады).</p>			
Таңғы ас	<p>Тамактану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстau, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлышты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.</p> <p>Мақсаты: өзін-өзі күту, тамактану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту.</p>			

	<p>Асты-шашпай төкпей іш, Сораптамай баппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	<p>"Ұннан не жасалады?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: танымдық қызығушылықты, ойлауды, көрнекі зейінді дамыту. Барысы: балалар тек ұннан жасалатын тағамдарды атайды.</p>	<p>"Мамандықты ата" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балалардың нан өсірумен және өндірумен айналысатын кәсіптері туралы түсініктерін кеңейту, сөздік қорын кеңейту. Барысы: педагог сөйлемді бастайды, балалар аяқтайды (мысалы: комбайнмен жұмыс істейді ... комбайннер және т.б.)</p>	<p>"Құймақты жай" дидактикалық ойыны. Мақсаты: пішінді, көлемді қабылдауды дамыту, балаларды өлшемді есу (кему) ретімен көзben анықтай білуге машиқтандыру, көзді, визуалды қабылдауды дамыту. Барысы: балалар картада көрсетілген құймақтарды ретімен нөмірлейді (1-ден 10-ға дейін) ең кішісінен үлкеніне дейін және керісінше.</p>	<p>"Астық өсірушіге жұмыс істеу үшін не қажет?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балалардың ауылшаруашылық технологиясы, астық өсірушінің құралдары туралы білімдерін бекіту, визуалды қабылдауын, зейінін, есте сақтауын дамыту. Барысы: балалар ауылшаруашылық техникалары мен астық өсірушінің құралдары бейнеленген суреттерді таңдайды.</p>	<p>"Нан өнімдерін кім көбірек атайды?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: танымдық қызығушылықты, есте сақтау қабілетін дамыту, сөздік қорын байту. Барысы: шеңберде тұрган балалар әртүрлі нан өнімдерін атайды; осындан заттардың көпшілігін атаған жеңімпаз болады.</p>
<b>Білім беру ұйымының кестесі</b>	<b>Дене шынықтыру</b> "Нан бар жерде ән	<b>Дене шынықтыру</b> "Торғай секіреді".	<b>Музыка</b> "Ас - адамның	<b>Дене шынықтыру</b> "Екі аяқпен	<b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b>

<p><b>бойынша</b>  <b>ұйымдастырылған</b>  <b>іс-әрекет</b></p>	<p>бар".          Мақсаты. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың үшімен және өкшемен жүргүрдегі дағдыларын жетілдіру; балаларда бөрененің үстімен сенімді жүргүрдегі дағдыларын бекіту.  <b>"Балапандар"</b>          қимылды ойыны.</p>	<p>Мақсаты. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың үшімен және өкшемен жүргүрдегі жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; алға жылжи отырып, екі аяғымен секіруге үйрету және допты аяқпен қайшылап үстап, отырып-тұрып домалату дағдысын жетілдіру.  <b>"Торғай"</b> қимылды ойыны.  <b>Қоршаган ортамен таныстырудан ойын-жаттығу</b>  <b>"Ақ бидай".</b>          Мақсаты. Балаларды бидаймен таныстыра отырып, бидай дақылын өсіру туралы түсініктерін кеңейту; бидай жайлы білім беруде қарапайым зерттеу жұмыстарымен айналысу қабілетін қалыптастыру; бидай</p>	<p>арқауы".          Мақсаты. Балалардың музыканы тындағы отырып, сипатын ажыратып, сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін арттыру; әнді тындауда дыбыс үзактығы туралы үфімын қалыптастыру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғактарын үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; нанның қасиеті туралы үфім беру.          Балалардың әнді тындауда дыбыс үзактығы туралы үфімын қалыптастыру; дыбысты есту қабілеті мен музыка әуенімен бірге би ырғактарын үйлесімді жасай білу қабілетін дамыту.          Балаларды достық қарым-қатынас пен</p>	<p>секіреміз".          Мақсаты. Балалардың әртүрлі бағыттарда, жылдам және баяу қарқында жүгіру дағдысын қалыптастыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілеттерін жетілдіру; балаларды алға жылжи отырып, екі аяғымен секіруге үйрету.  <b>"Құстар мен мысық"</b>          қимылды ойыны.</p>	<p>"Тандыр нан".          Мақсаты. Фломастерді үш саусақпен ұстап, тандыр бейнесінде алдын-ала салынып қойған шағын дөңгелек үстін тіке және көлденең сзықтармен, шақпақ етіп, дөңгелек сырты аясын ұсақ дөңгелектер арқылы безендіру техникасын жаттықтыру; элементтердің пішінін, реттілігін, олардың арасындағы қашықтықты ескере отырып, ою-өрнектерді жазықтықта орналастыру дағдыларын қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, көзбен пішін мен түстерді қабылдау, зейін мен елестету қабілетін дамыту.</p>
---	--	--	---	--	--

		<p>өсімдігінің қасиеті мен маңызы жөнінде мағлұмат беру; Ас атасы – нан туралы үғым беру.</p> <p>"Қандай тағам?" дидактикалық ойыны.</p>	<p>ізгілік ережелеріне тәрбиелеу;</p> <p>эстетикалық мәдениетін, оқу қызметіне белсенділіктерін арттыру.</p> <p>"Кішкене тоқаштар" дидактикалық ойыны.</p>		<p>Саясақ жаттығуы. "Нан илейді Нұрай".</p>
<b>2- таңғы ас</b>	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды. Ас болсын!" ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталуа</b> )				
<b>Серуенге дайындық</b>	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалалауыш арқылы табуға үйрету. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет</b> )				
<b>Серуен</b>	<p><b>Күн-жылу мен жарық көзі.</b> Мақсаты: күн-жылу мен жарық көзі екені жайлы түсініктерін пысықтау; талқылау, дәлелдеу біліктіліктерін дамыту; табиғатты аялауға тәрбиелеу. Зерттеу. Күнге қарап, сұрақтарға жауап беруді ұсыну.</p> <p>- Күнге қарағанда, өзінді қалай сезінесін?</p>	<p><b>Желді бақылау.</b> Мақсаты: балалардың желдің қасиеттерін тануға деген қызығушылықтарын арттыру; бақылау нәтижесінде желге ауызша сипаттама беруге, іс-тәжірибелер жасауға дағдыландыру.</p> <p><b>"Тұтікшемен үрлеп, лентаны желбіретейік" жаттығуы.</b></p> <p>Педагог әрбір</p>	<p><b>Суды бақылау.</b> Мақсаты: ыдысқа құйылған суға қарап, оның айнадай мөлдір екеніне көз жеткізу; судың қозғалуын, ағымын, жерге сіңіп, жоғалуын байқатып, өсімдіктердің тамырларына өте қажет екендігін түсіндіру; байқағыштыққа, үғымталдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Бақылау барысы:</p> <p>балалардың назарын</p>	<p><b>"Ауа-райын бақылау (бұлтты күн)".</b> <b>"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы.</b> Мақсаты: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.</p> <p>Жау, жау жаңбыр!</p> <p>Жау жаңбыр!</p> <p>Арық сұзы мол</p>	<p><b>Суды бақылау.</b> Мақсаты: судың көптеген қасиеттерін зерттеуге деген ынталарды ояту; суды үнемдеп қолдану ережелеріне үйрету; экологиялық білімдерді қалыптастыру.</p> <p>Балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару.</p> <p>Асфальтқа шашыраған су тез кебеді. Неге екенін сұрау.</p>

<p>- Күнгө тұра қарай аламыз ба, көзімізге зиянын тигізбей ме? Педагог балаларға екі тасты алып, біреуін күннің көзіне, екіншісін көлеңкеге, яғни, жан-жағын жауып, қаранды жерге қоюды сұрайды.</p> <p>Біраз уақыттан кейін, балалар күн көзінде тұрған тас көлеңкеде тұрған тасқа қарағанда қызып, жылы екеніне көз жеткізеді.</p> <p>Күн көзінде зат қызатынына қорытынды жасау.</p> <p><b>Еңбек тапсырмалары:</b></p> <p><b>кіші топ балаларына ойын аумақтарын жинауга көмектесу.</b></p> <p>Мақсаты: жасы кішіге көмектесуге үмтүлуга үйрету, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p>	<p>баланың алдына түтікше мен лентаны (қағаздан қылған жолақ та жарайды) береді.</p> <p>- Балалар, қазір біз қажетті күшпен үрлеуді жасап, түтікшеден желді үрlep шығарамыз.</p> <p>- Мен "жел қатты соғып тұр" десем, сендер қатты үрlep, лентаны қатты желбіретесіндер.</p> <p>- Мен "жел баяу соқты" десем, сендер түтікшеге ақырын үрlep, баяу желді білдіресіндер.</p> <p><b>Еңбек әрекеті: ойын алаңына ағаштардан қурап түскен ұсақ бұтақтарды жинау.</b></p> <p>Мақсаты: аула сынырушиға көмек көрсету, өзгелердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.</p> <p><b>"Әткеншек" қимыл-қозғалыс</b></p>	<p>судың қасиеттеріне аудару. Су сұйық, әртүрлі температураға ие болуы мүмкіндігі (ыстық, жылы, сұық).</p> <p>Су мөлдір, айна үқсан заттарды бейнелейді. Суды далада ыдысқа құйып қойып, оның бетіне қараса, көк аспан, бұлттар, өзіміздің де бейнеміз көрінеді.</p> <p>Суға тастарды салса - түбінде жатқан олар айқын көрінетін болады. Тіпті балықтарды жіберсе, олар нақытыл көрінеді.</p> <p><b>"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны.</b></p> <p>Мақсаты: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру;</p> <p>вестибуляр</p>	<p>болсын!</p> <p>Өсімдіктер мол болсын!</p> <p>Жауған жерін шөп болсын!</p> <p>Тырс-тырс! Тырс-тырс! (Бір аяқпен секіру)</p> <p>Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру)</p> <p>Шылпп-шылпп! Шылпп-шылпп! (Екі аяқпен секіру)</p> <p><b>Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: гүл суару.</b></p> <p>Мақсаты: түскен гүл жапырақтарын тырмамен тазалау.</p> <p><b>"Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны.</b></p> <p>Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір</p>	<p>Қыста суды шашыратқаны туралы бейнежазбаны көрсету. Су неге айналатынын, бұл не себептен болатынын сұрау.</p> <p>Балалармен суда қандай заттар суға батып жатқанын, қайсысы жүзетінін анықтау. Неліктен олар жүзіп немесе батып бара жатқанын анықтау.</p> <p><b>Еңбек әрекеті: гүлзарда өскен гүлдерді суару.</b></p> <p>Мақсаты:</p> <p>еңбекқорлыққа, бастаған ісін аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу.</p> <p><b>"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны.</b></p> <p>Мақсаты: балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру;</p>
---	---	---	--	--

<p><b>"Ақ сүйек" қымыл-қозгалыс ойыны.</b></p>	<p><b>ойыны.</b></p>	<p>Мақсаты: балаларды бірігіп, шенберде ойын ережесіне сай ойнауга</p>	<p>аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелу.</p>	<p>бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; үйымшылдыққа тәрбиелу.</p>	<p>куғыншы жете алмайтындей</p>
<p>Ойын мақсаты: балаларды ойын ережесіне сай ойнауга машиқтандыру; зеректікке, қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру; шыдамдылыққа тәрбиелу.</p>	<p>ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шенбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып, жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, үйымшылдыққа тәрбиелу.</p>	<p>Балалар дағдыландыру; түрады. Тәрбиеші ақ сүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады. Балалар ақ сүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек.</p>	<p>Мақсаты: балаларды шашшандыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.</p>	<p>"Аю" алаңның бір шетінде, үйіктаған болып, отырады. Балалар алаңның екінші жағынан, тақпак сөздерін айттып, себетке жиدهтерді жинаған үқсап, "аюға" қарай жүреді.</p>	<p>"Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Эрбір бала, ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін тандайды, тек "бояушы" сұраған кезде, өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі.</p>
<p>"Ақ сүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ал аксүйекті іздендер, кім тез табар екен?" - дейді. Ойынның шарты бойынша ақ сүйекті тауып алған</p>	<p>Ақырын-акырын итеріп, Әткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шенберді айналдырамыз. Д. Ахметова.</p>	<p>Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады.</p>	<p>Балалар дағында орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылыш қарап, орамалды алып, орамал тастаған</p>	<p>Ормандағы аюдың Құлпынайы көп екен. Теріп, теріп алайық, Себетімізге салайық Балалар, жақын келеді, Аю жидегін береді. Соңғы сөздерді естіген "аю" "оянып", "балаларға" қарай жүгіріп, олар ұстап</p>	<p>Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде сұрақтар қояды:</p> <p>- Сәлеметсіз бе! Кім боласыз?</p> <p>"Бояушы":</p>

<p>бала басқаларға білдірмей, тәрбиешіге тез әкеліп беруі керек. Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақ сүйек өзіне беріледі. Сөйтіп, ақсүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады.</p> <p><b>Жабдығы:</b> ақ сүйек. <b>"Өрт сөндірушілер оқуда" ойыны.</b> Мақсаты: қабырғаға өрмелуеу біліктіліктерін бекіту; зейіндерін дамыту.</p> <p><b>Өз бетінше еркін ойын әрекеті, аланда шығарылған материалмен ойындар.</b> "Шенберді дәлде".</p>	<p>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін. Педагог барлық балалардың бірынғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шенбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шенбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды менгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Эрбір бала қимылдау кезінде шенбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шенбердің жылжып жатқанын бақылайды.</p> <p><b>"Шұңқырдан аттап секіріп өт"</b> <b>қимылды жаттығуы.</b></p> <p>Мақсаты: балаларды ұзындыққа секіруге машиқтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-</p>	<p>баланы қып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қып келе жатқан баланың орынына отыруы керек. Куушы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады.</p> <p><b>"Кім мәреке жетеді?" қимылды ойын-жаттығуы.</b></p> <p>Мақсаты: белгіге дейін қос аяқпен және бір аяқпен секіру техникасын дамыту; шыдамдылыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті.</b></p> <p>Мақсаты: қимыл-қозғалыс</p>	<p>алмақшы болады. Ұстап алу - балаға қолмен тиу болып саналады. Ұсталған "балалар" келесі айналымға қатыспайды.</p> <p>Ойынның соңында балалар "аю" қанша баланы ұстап алғанын санайды.</p> <p>Ойынды, жүргізушіні ауыстырып, тағы бір рет ойнатуға болады.</p> <p><b>"Түстерді тап" қимыл-қозғалыс ойны.</b></p> <p>Мақсаты: педагогтың белгісі бойынша түстерді тауып, белгілі қимылдарды орындауға бейімдеу.</p> <p><b>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен аландағы ойындар.</b></p> <p>Мақсаты: қызығушылығы бойынша ойын тандау мүмкіншілігімен</p>	<p>- Мен бояушымын, Үстімде боялған киімім. Алыстан келемін, Бояу үшін теңге беремін. "Бояуды сатушы": - Түсі қандай бояуды қалайсыз? Осы кезде "бояушы" кез келген түсті айтады, сол тұс болып өзін ойлаған бала сыртқа шығып, қаша жөнеледі. Ал диалог ары қарай жалғасады: - Бояудың бағысы қанша? - Бағасы бес (он, он бес, сегіз, бағасы тағы басқа) теңге. "Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген сан рет қағады да, "бояуды қуалап кетеді. Егер "бояу" қашып, қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта</p>
---	---	--	---	--

	<p>Мақсаты: нысанага дәлдеп тигізуге жаттықтыру.</p> <p><b>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.</b></p> <p>Мақсаты: қымыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қымылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.</p>	<p>жігерін дамыту.</p> <p><b>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.</b></p> <p>Мақсаты: қымыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қымылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.</p>	<p>координациясын дамыту; негізгі қымылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.</p>	<p>қамтамасыз ету мен күрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру.</p>	<p>кеledі. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады. "Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады.</p> <p><b>"Кім қапшаны алыс лақтырады?" қымылды ойын-жаттығуы.</b></p> <p>Мақсаты: балаларда белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, оң және сол қолымен қапшықты алысқа лақтыруды, жүгіруді, түсті тануды жаттықтыру.</p> <p><b>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.</b></p> <p>Мақсаты: қымыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қымылдарды</p>
--	--	--	--	---	--

					орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.
<b>Серуеннең оралу</b>	Балалар киімдерін дұрыс шешү,шкафтарға бұктең қою, қолды жуу әрекеттерін одан әрі қалыптастыру. "Таза сумен Арман, Беті-қолын жуды. Оған қарап Балжан, Суға қолын созды.				
<b>Тұскі ас</b>	Балалардың назарын тамаққа аудару; тамақтану мәдениетін қалыптастыру, үстел үстіндегі өз-өзін ұстау ережелерін ұрмету. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар</b> )				
<b>Күндізгі үйқы</b>	Балалардың тыныш үйқысы үшін қолайлы жағдай жасау, тыныштандыратын әуен қосу. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар</b> )				
<b>Бірте-бірте тұргызу, сауықтыру шаралары</b>	Төсектегі жаттыгулар. Үйқыдан тұрганда , бірден төсектен тұруға болмайды. Біртіндең тұру қажет. 1. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жаңына созу, демдерін еркін шығару. 2. Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу. 3. Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру. 4. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолдарын жаңында ұстап, аяқтарын көтеріп велосипед тебу. Төсектен тұргызу. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет</b> )				
<b>Бесін ас</b>	Үстел үстіндегі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар</b> )				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және</b>	<b>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу</b> "Еркежан әжей нан пісірді" атты суреттер сериясы	<b>Математика негіздері</b> "Әженің бауырсақтары". Мақсаты. Балалардың "зат	<b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Асхана".</b> Мақсаты: балалардың асханада жұмыс жасайтын мамандар: аспаз,	<b>Құрастырудан ойын-жаттығу</b> "Еркежан әжейдің түрлі бауырсақтары". Мақсаты. Балаларды құрастыру материалы	<b>Коршаған ортамен танысадан ойын-жаттығу</b> "Күз кереметі". Мақсаты. Балаларды күз кереметтерімен

тағы басқа әрекеттер)	<p>бойынша әңгімелуе. Мақсаты. Балаларда нан туралы қарапайым үғымдарды қалыптастыру, нан тақырыбына қатысты қарапайым фразаларды педагог соңынан қайлап айтуда жаттықтыру; ойындар барысында қарапайым диалогтарға, сұраққа жауап айтып, қатысуға үйрету. "Сен не істедің?" сөздік жаттығуы.</p>	<p>"Біреу немесе көп" деген өлшем бірліктерін ажырату, дene мүшелерінің орналасуын суреттеу, оларды өз бойынан (денесінен) табу іскерліктерін қалыптастыру; кеңістікте бағдарлау, есте сақтау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын, ой-өрісін дамыту. Устел басындағы дамыту жаттығуы. "Еркежан әжейдің немересін киіндірейік".</p> <p><b>"Бұл қай кезде болады?" дидактикалық ойыны.</b></p> <p>Мақсаты: балалардың мезгілдік табиғат құбылыстары жайлы білімдерін бекіту; ойлау, есте сақтау қабілеттерін, зейіндерін, сөйлеу тілдерін дамыту.</p>	<p>даяшы, кассир, гардероб қызметкері жайлы білімдерін, әдептілік ережелерін менгеруді, қоғамдық орындардағы тамақтану әдебін, оларды сақтауға ынталанды бекіту; еңбекті құрметтеуге, әдептілік негізінде қарым-қатынас орнатуға тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Асхана жиһаздары (устел, орындықтар), асхана қызметкерлерінің киім үлгілері мен (аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері). Барысы. Алдымен педагог балалармен аспаздың адамдар (тұтынушы) үшін түрлі тағамдар әзірлеу жұмысы жайлы әңгімелеседі. Суреттер көрсетеді, педагогикалық жағдаяттарды шешеді. Алдымен</p>	<p>қағаз қасиеттерімен, жұмарлау, илеу амалдарымен таныстыру; қағаз бөлігін жыртып алыш, саусақтармен жұмарлап, алақандар арасына түйіршіктеп, айналдырып, илеп, шарлар тәрізді денелерді, бауырсақтарды жасап шығаруға үйрету.</p> <p><b>Күріліс нәтижесімен ойнату. "Дүкен" сюжетті-рөлдік ойыны.</b></p> <p>Мақсаты: балаларды еңбекке, еңбекті құрметтей білуге, сыйайыгершілікке, ізгілікке, адалдыққа баулу.</p> <p>Қажетті құралдар: ойыншықтар, ыдыс-аяқтар, тағам түрлерінің ойыншықтары, ақ халат, қалпақ, есеп шот, қағаздан жасалған</p>	<p>таныстыра отырып, күз айының ерекше табиғи қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту; адамның табиғатқа деген қамқорлық қатынасының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру. Дидактикалық ойын: "Күз аруының көйлегін безендір". <b>"Күйршақ бөлмесін жасаймыз"</b> дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсаты: жиһаз және оның мақсаты туралы білімді бекіту. Құрал-жабдықтар: балалар жиһазының заттары.</p> <p>Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға: - Алua қуыршағына жаңа жиһаз сатып алды, бірақ ол оны бөлмеге қалай қою керектігін білмей түр. Оған жиһаз</p>
-----------------------	---	--	--	--	--

	<p><b>Барысы.</b> Педагог барлық жыл мезгіліне тән күбылысты сипаттайды, балалар күбылысты, жыл мезгілін табуға міндетті. Балаларды өз жауаптарын бір сөзбен ғана емес, сондай-ақ не себепті күбылыстың болғанын түсіндіру.</p>	<p>педагог балалармен бірге белгілі тағамдар тізімін, ас мәзірін құрастырады. Ол үшін педагог пен балалар кешкі уақытта журналдардан ойында пайдаланатын түрлі тағамдардың фотосуреттерін қиып алады. Педагог адамдар келгенше жұмысшылардың жұмысын бақылауда ұстайды (балалардың орындарында отырып). Барлық тағамдар дайын болғаннан кейін, балаларды (тұтынушыларды) ас бөлмесіне шақырады. Келушілерге даяшы ас мәзірін ұсынады, балалар тапсырыс береді, аспаз ас әзірлеуді көрсетеді, даяшы балаларға асты экеліп, "төлем" қабылдайды. Балалар</p>	<p>дөңгелектер. Ойын шарты. Бұл ойынды әуелі жеке-жеке ойнатып, әбден жаттыққаннан кейін уш дүкенді қатар ашып ойынды күрделендіру. Балаларды рөлдерге бөлу: 2 бала сатушы, 1 бала кассир, қалғандары тұтынушылар. Тәрбиеші ойын ережесін түсіндіреді. Ереже бойынша сатушылар да, тұтынушылар да бір-бірімен сипайы сөйлеседі. Бір затты сатып алған соң, раҳмет айтуды үмитпауы керек. Сатушыда өз кезегінде «Тағы да келіп тұрыңыз», - деп ілтипат білдіреді. Бірінші ойыншық дүкенін үйімдастыру. Ойыншық сөресінің жанына үстел</p>	<p>қоюға көмектесейік. Тәрбиеші балалармен бірге үстелді ортаға қояды. Үстелдің қажеттілігі туралы, балалардан сұрайды. Мысалы, Асем: "Бұл үстел, біз оны бөлменің ортасына қоямыз. Күышақ онда тамақтанатын болады. Орындықты үстелдің жанына қою керек, ол оған отырады. Осылай әр жиһаздың қажеттілігін балалар сипаттаң, айтып береді.</p>
--	---	---	--	--

			<p>"даяшы", "мәзір", "тағам" сияқты жана сөздерді айту керек. Педагог ойын барысын өзі түзетеді, қосымша сұраптар қояды, балалардың әрекетін белсендітү үшін. Сонында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: адамдар дәмді, әсем безендірілген тағамдардан дәм тату үшін, асхана жұмысшылары тынбай еңбектенеді; "рахмет", "өтінемін" сөздерін қолдану, дастархан басында шуламау, асты дұрыс шайнау, асхана құралдарын дұрыс қолдану - адамның қоғамдық орындарда ережелерді орындау негізгі міндеттері.</p>	<p>қойылып сөреде «Дүкен» деген жазу ілулі тұрады. Кассирдің алдында есепшот, ақша салатын қорап, ақ қағаз, қарындаш. Ойыншық алғысы келген балалар ең әуелі кассирге ақшасын төлейді. Не алғысы келетінін айтады. Кассир чек жазып береді. Чекті алып сатушыға береді. Сатушы «тағы да келіп тұрыңыз» - дейді. Тәрбиеші ойынга жалпы басшылық жасайды.</p>	
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	Артикуляциялық жаттығулар. Мақсаты.	"Жауын" тақпағын жаттау. Мақсаты. Күз	Артикуляциялық жаттығулар. Мақсаты.	"Таңертең" тақпағын жаттау. Мақсаты. Тәулік	Жұмбақ жаттау. Мақсаты. Жұмбақтардың

	<p>Артикуляциялық жаттығу арқылы баланың сөйлеуін, тілін, дыбысты дұрыс дыбыстауын дамыту.</p>	<p>мезгілінде табиғи күбылыстардың ерекшеліктері туралы әңгімелесу. Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпактарды айтқызу. "Жауын" (Төленді Нұрмұхамедов) Қызыл отты қамшысы Көкке жарқыл шашады, Еркебұлан тамшысы Домаланып қашады.</p> <p>Жаңбыр жауып өтеді: Қуанады сарғалдақ. Дала жайнап кетеді, Бір шомылып алғанда-ақ!</p>	<p>Артикуляциялық жаттығу арқылы баланың сөйлеуін, тілін, дыбысты дұрыс дыбыстауын дамыту.</p>	<p>бөліктері туралы әнгімелесу. Сұрақтар қою. Балалардың сұрақтарға толық жауаптарын талап ету. Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпактарды айтқызу. "Таңертең" (Қастек Баянбаев) Ерте тұрғым келмейді, Бірақ тағы тұрамын. Көзім тұқ те көрмейді, Естімейді құлағым. Суды ағызып ақырын, Жуған болам бетімді. Кешегі көп ақылым Кеміп қалған секілді. Бала баққа бүгін де Барғым келе қоймайды. Жақсы көрем үйімде Кейде жеке болғанды. Бірақ үйден шығамын Қол ұстасып көкеммен. Ашылып көз-құлағым, Бала баққа жетем мен.</p>	<p>шешімін табу. Әр жұмбактың суреттері болу керек.</p>
<b>Серуенге дайындық</b>	<p>Серуенге жиналу кезінде балаларға белгілі бір реттілікпен киоді түсіндіру.</p> <p>Ауладағы қауіпсіздік шараларын түсіндіру.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				
<b>Серуен</b>	<p>Сереуенге деген қызығушылықтарын ояту. Қимыл-қозғалыс ойындары:"Өз үйінді тап", "Поезд" (3-4 рет ойнатылады).</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				
<b>Серуеннен оралу</b>	<p>Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуга машиқтандыру.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				

<b>Кешкі ас</b>	Тағамның атауын есте сақтауға, тағамды ішу рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуге, әдепті бала болуды үйренеміз". ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау</b> )																				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қараша және тағы басқа әрекеттер)</b>	<p>"Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қараша, сипаттау; өртегілерді есте жаңғыруту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар.</p> <p>Балалардың өздері құрастырған өртегісін тыңдау.</p> <p>Логикалық ойындар.</p> <p>Еркін рөлдік ойындар.</p> <p><b>"Әлемге саяхат" театрландырылған ойын.</b></p> <p>Мақсаты: өз мінез-құлқын ақтай білу, сенімі мен қиялын дамыту, балалардың білімін дамыту.</p> <p>Барысы: балаларға әлем бойынша саяхаттау ұсынылады. Олар өздерінің жолдары қайда жатқанын анықтауы керек - шөл арқылы, тау соқпағымен, батпақ арқылы, орман, джунгли арқылы, кемемен мұхиттың аргы жағынан және мінез-құлқын соған сәйкес өзгертуі керек.</p> <p>(<b>мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау</b>)</p>																				
<b>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</b>	<table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <tr> <td style="width: 25%;">Кеңес.</td> <td style="width: 25%;">"Улкендерге құрмет"</td> <td style="width: 25%;">Ата-аналарға кеңес.</td> <td style="width: 25%;">Ата-аналарға арналған</td> </tr> <tr> <td>"Баланың бос уақытын тиімді пайдалану".</td> <td>тақырыбында әнгімелесу.</td> <td>"Қыңырлықты шешу жолдары".</td> <td>сауалнама.</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td>"Отбасындағы салауатты өмір салтының шарттары".</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td>Ата-аналарға арналған жеке әнгімелер.</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td>Көзге арналған түзету гимнастикасы.</td> </tr> </table>	Кеңес.	"Улкендерге құрмет"	Ата-аналарға кеңес.	Ата-аналарға арналған	"Баланың бос уақытын тиімді пайдалану".	тақырыбында әнгімелесу.	"Қыңырлықты шешу жолдары".	сауалнама.				"Отбасындағы салауатты өмір салтының шарттары".				Ата-аналарға арналған жеке әнгімелер.				Көзге арналған түзету гимнастикасы.
Кеңес.	"Улкендерге құрмет"	Ата-аналарға кеңес.	Ата-аналарға арналған																		
"Баланың бос уақытын тиімді пайдалану".	тақырыбында әнгімелесу.	"Қыңырлықты шешу жолдары".	сауалнама.																		
			"Отбасындағы салауатты өмір салтының шарттары".																		
			Ата-аналарға арналған жеке әнгімелер.																		
			Көзге арналған түзету гимнастикасы.																		

Әдіскер:

**А.А.Сулейменова**